

**Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
Фараби университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

ЕҢБЕГІ ЖАНҒАН ҒАЛЫМ



Ғылым мен жоғары білім саласында ғылыми-зерттеу, жоғары білім беру ісін ұйымдастыру және басқару жұмыстарын жоғары сапа деңгейінде абыройлы атқарған және абыройлы атқарып келе жатқан отандық ғалымдар мен ұлағатты ұстаздар қатарында тарих ғылымдарының докторы, профессор, шынардай шығыстанушы ғалым, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының тұлғасы жан-жағына нұр төгіп, жарығын түсіріп, жарқырап көрінеді.

Жас маманның ғылым жолын таңдауында, ғылымға деген ынта-ықыласының оянуында оны қоршаған ғылыми ортаның, ұстаздары мен ғылыми жетекші, кеңесшілерінің ықпалы болатыны анық. Сонымен қатар ғылым жолына жаңадан түскен жас ғалымның іргелі ғылыми мәселені аңдауы мен таңдауы ғылымның сол кезеңдегі даму деңгейінің сапасымен, қоғамның ғылыми сұранысының өзектілігімен байланысты жүзеге асатыны да анық. Осы екі аныққа тағы бір анықты қосқым келеді. Ол жас ғалымның ғылымның белгілі бір саласын, оның белгілі бір мәселесін зерттеуге деген ұмтылысы мен құлшынысының қалыптасуы туралы. Ғылым жолын таңдаған жаста осы үш анықтың үшеуі бірдей болғанда ол ғылыми таным-

ның методологиясы мен логикасын жете ұғынады, ғылыммен тиянақты түрде айналысады, ғылыми зерттеумен айналыспай тұра алмайтын күйде болады. Осы үш анық оны ғылымда жаңа ізденістерге бастайды, үлкен жетістіктерге жеткізеді, жаңалық ашуға алып келеді, еңбегін жандырады. Менің білуімше, Нұржамал Әбдіразаққызы - өзі тандаған ғылым жолында үлкен жетістіктерге жеткен, жаңалық ашқан, еңбегі жанған ғалым.

Құрметті халайық! Нұржамал Әбдіразаққызы Қазақстанның Шығыстағы алпауыт көршісі Қытай Халық Республикасының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихы мен мәдениеті туралы іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, үлкен нәтижелерге жетті. Ірі-ірі монографияларымен, жоғары және орта білім беру жүйелеріне арналған қазақ, орыс, ұйғыр, қытай тілдеріндегі оқулықтарымен Шығыстану ғылымының дамуына, отандық жоғары және орта білім беру жүйесінің жаңаруына, білім сапасының жақсаруына үлкен үлес қосты.

Ғалым қыздың «Ежелгі Қытай тарихы» (1999), «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» (2003), «Орта ғасырлардағы Қытай тарихы» (2004), «Қытай тарихы. Оқулық» (2007), «Шыңжаң тарихы (Ежелгі заманнан XX ғасырдың ортасына дейін) /А.Ә. Түргенбаймен бірге (2014)», «Қытай діндерінің тарихы. Оқу құралы» (2017), «Қытай мәдениетінің тарихы: оқулық» /А.Ә. Түргенбаймен бірге (2011) және басқа монографиялық зерттеу еңбектері мен оқулықтарының әлеуметтік маңызы Қазақстанның ғылымы мен білім беру ісі үшін өте зор. Сонымен қатар бұл еңбектердің әлемдік шығыстану ғылымы үшін де, Қытай елінің ғылымы мен білім беру ісі үшін де айтарлықтай маңызы мен мәні бар.

Нұржамал Әбдіразаққызы Қытай тарихы мен мәдениеті бойынша қыруар дерек көздеріне негізделген талдаулары мен жинақтаулары, пайымдаулары мен парықтаулары, сараптаулары мен саралаулары нәтижесінде отандық және әлемдік ғылыми айналымдағы теориялық ойлар мен қағидалар қорын дәлелді де дәйекті жаңа ой-пікірлер жүйесімен, тың тұжырымдар желісімен байытты.

Ғылымның ұшпағына, ұшар биігіне шыққан тұлғалардың ғылымы

Зерттеулерінің өзегінен мынадай кісілік қасиеттері көзге түседі: 1) ойдың тереңдігі; 2) ойлаудың жүйелілігі; 3) жанның сұлулығы; 4) әдептен озбау; 5) әділеттен таймау. Ғалымның шығармашылық болмысында осы бес қасиеттің біреуі болмаған жағдайда, оның ғалымдығы да, кісілігі де толық болмайды.

2 Ғылымның ұшпағына, ұшар биігіне шыққан ғұлама ғалым және

ұлағатты ұстаз болу биігіне осы бес қасиет ойы мен бойына түгел қонған жан ғана шыға алса керек. Бүгінгі мерейтой иесінің бойы мен болмысында осы бес қасиеттің бесеуі түгел тұр. Осы реттен келгенде, Нұржамал Әбдіразаққызын ғылымның ұшпағына шыққан тұрлаулы тұлға һәм ұлағатты ұстаз деп білеміз.

Нұржамал Әбдіразаққызы жарты ғасырдан астам уақыт бойында жоғары мектепте оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерішісі, декан, проректор қызметтерін атқара жүріп, Қазақстан жоғары мектебінің интеллектуалдық әлеуетінің дамуына зор еңбек сіңірді, халық шаруашылығы үшін жоғары білімді және жоғары білікті мындаған шығыстанушы мамандарды тәрбиелеп, ұшырды. Олардың көпшілігі ғылым мен білім саласында, мемлекеттік басқару және атқару жүйесінде абыройлы қызмет етіп жүр. Ғалым-ұстаз даярлаған жоғары білікті шығыстанушы мамандардың тұтас бір легі еліміздің дипломатиялық қызметі саласында ел мен елді елдестіріп, елші болып, мемлекетіміздің халықаралық ынтымақтастық саласындағы әлеуетін арттыруға бар күш-жігерін жұмсауда.

Шынайы ғалым һәм шынайы ұстаз еңбегі – дүйім жұрттың, мемлекеттің, адамзаттың бәрінің игілігі. Ғылым мен ұстаздық қызметтегі ерен еңбегі дүйім жұрттың, мемлекеттің, адамзаттың игілігіне айналған жанды біз заманымыздың тамаша тұлғасына балаймыз. Нұржамал Әбдіразаққызы Алдабек – заманымыздың тамаша тұлғасы, еңбегі жанған ғалым.

29.11.2024